

СӨЖ №2 тақырып: Қазақ этнолингвистикасының басқа пәндермен байланысы, өзіндік ерекшеліктері

Сабақтың мақсаты: Этнолингвистиканың ерекшеліктерін түсіндіріп, басқа пәндермен байланыстары жайлы ақпарат беру

Негізгі сұрақтар:

1. Этнолингвистика ғылымының басқа салармен байланысын, зерттелуін қарастыру.
2. Этнолингвистикалық этюдтер.
3. Қ.Жұмаділов шығармалары бойынша.
4. Е.Жанпейісовтің этнолингвистика туралы жазған еңбектерімен танысу.

Тапсырма: Берілген әдебиеттер бойынша салыстырма кестесін толтыру

Жүйелілік принципі – зерттеу объектілерін мән-мағынасына, қолданылатын тақырып сәйкестігіне, өзара байланыс-қатыстылығына қарай топтастыра зерттеу (классификациялау) принципі.

Індете зерттеу принципі – тілімізде күнделікті айтылып, жазылып жүрген сөздермен ғана шектеліп қалмай, не өзі білетін, шеті көрініп тұрған, не ұмыт болған тіл фактілерінің «ізіне түсіп», лексикалық қордың қойнау-қолаттарынан іздеп тауып, түп тамырымен қопарып, түбегейлі айқындау.

Этнолингвистикалық этюд – этнос болмысын танып-білу мақсаты мен «тіл әлемін» түбегейлі зерттеудің нәтижесінде этнолингвистикалық арналарға байланысты деректерге сатылы қатыстық тәртібімен берілетін түсініктемелер, анықтамалар, мағлұматтар, топшылаулар.

Этнолингвистикалық арналар – *тіл әлемін* этнос туралы небір құнды дерек-мағлұматтармен толықтырып, мазмұн, тақырып ауқымын кеңейтіп, мән-мағынасын тереңдете түсетін тілдік қайнар көздері.

«Тіл әлемі» – этнос болмысына қатысты мыңдаған, миллиондаған мағыналық бірліктердің жиынтығы, синтезі.

Тұрақты теңеулер – танымдық мақсаттан туындап, тұрақталған тіркестер.

Фразеологизмдер – тілде тұрақталып, даяр қалпында жұмсалатын, тақырып, мағына, тұлға жағынан әртүрлі болып келетін, адамның іс-әрекетін, қалып-күйін, дүниетанымын өзіндік бояу-нақышымен бейнелейтін танымдық мәні зор тілдік бірліктер.

Есеп беру формасы: жазбаша жұмыс

Тапсырманы орындау және студенттердің білімін бағалау мерзімдері: 4 апта